

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ведомстволарының арнайы автокөлігінің тиесілік заттай нормаларын және ерекше үй-жайлары үшін алаңдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 441 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 385 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ведомстволарының арнайы автокөлігінің тиесілік заттай нормаларын және ерекше үй-жайлары үшін алаңдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 441 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының арнайы автокөлігінің тиесілік заттай нормалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ведомстволарының ерекше үй-жайлары үшін алаңдарының заттай нормалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі сатып алу және Министрліктің активтері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы "09" маусымдағы
№ 385 бұйрығына

1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 12 тамыздағы
№ 441 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органдарының арнайы автокөлігінің тиесілік заттай нормалары

№	Атауы	Әрбір заңды тұлғаға арналған арнайы автокөліктің заттай нормалары				Жүру лимиті айына 1 автомобильдің (километр)
		салықтық тексерулер үшін		кедендік бақылау үшін		
		жеңіл авто негізінде	ж ү к автомобильде рінің және жолаушылар автобустары мен шағын автобустарын ың шассиіне	жеңіл авто негізінде	ж ү к автомобильде рінің және жолаушылар автобустары мен шағын автобустарын ың шассиіне	
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті	3	0	3	0	2500
2.	Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері	4	0	3*	1	2500
3.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы	0	0	2	1	2500

4.	Кеден бекеттері	0	0	2	0	2500
5.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мамандандырылған мемлекеттік мекемелері	0	0	2	1	2500

Ескертпе:

арнайы автокөлік – салық заңнамасының және кедендік реттеудің сақталуын, Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерімен шекара арқылы шетелдік тауарларды заңсыз әкелуді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, ЕАЭО елдерімен шекаралас аймақтарда көлік құралдарын тоқтату, кедендік бақылау және тексеру жүргізу құқығымен мобильді топтарды енгізуге арналған жеңіл не жүк автомобилі, автобус, шағын автобус;

жеңіл автомобильдер базасында қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрден аспауы тиіс;

жүк автомобильдерінің және жолаушылар автобустары мен шағын автобустарының шассиіндегі қозғалтқыш көлемі автомобиль моделіне байланысты.

* – Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен шектесетін өңірлердегі мемлекеттік кірістер департаменттері үшін мынадай қосымша заттай нормалар белгіленсін:

Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 1 бірлік;

Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 2 бірлік;

Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 1 бірлік;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 1 бірлік;

Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 3 бірлік;

Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 2 бірлік;

Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 2 бірлік;

Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 2 бірлік;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті – 1 бірлік

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы "09" маусымдағы
№ 385 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ведомстволарының ерекше үй-жайлары үшін алаңдарының заттай нормалары

№	Үй-жайлардың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың алаңы
1	2	3	4
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталығы:			
1.	Көкшетау, Ақтөбе, Талдықорған, Атырау, Өскемен, Тараз, Орал, Қызылорда, Қостанай, Ақтау, Павлодар, Петропавл қалалары бойынша мемлекеттік кірістер басқармалары	шаршы метр	900
	Степногорск, Қапшағай, Текелі, Жезқазған, Сарань, Теміртау, Шахтинск, Балхаш, Приозерск, Қаражал, Сәтпаев, Лисаковск, Рудный, Арқалық, Жаңаөзен, Арыс, Кентау, Түркістан, Ақсу, Екібастұз, Риддер, Курчатов, Семей қалалары бойынша мемлекеттік кірістер басқармалары	шаршы метр	200
	Қалалардағы аудандар бойынша мемлекеттік кірістер басқармалары	шаршы метр	500
	Аудандар бойынша мемлекеттік кірістер басқармалары	шаршы метр	100
Мемлекеттік қазынашылық органдарына арналған ерекше үй-жайлар			
2.	Мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған зал:		
	Аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармалары	шаршы метр	30
	Қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармалары	шаршы метр	45
	Облыстар бойынша мемлекеттік	шаршы метр	60

	қазынашылық департаменттері		
	Астана, республикалық маңызы бар қалалар бойынша мемлекеттік қазынашылық департаменттері	шаршы метр	90

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК